

Абай облысы мәслихатының 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 12/81-VII "Абай облысы бойынша темір жол көлігінің әлеуметтік мәні бар ауданаралық жолаушылар қатынасын айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Абай облысы мәслихатының 2023 жылғы 15 қарашадағы № 9/64-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 қарашада № 153-18 болып тіркелді

Абай облысы мәслихаты ШЕШТІ:

1. Абай облысы мәслихатының "Абай облысы бойынша темір жол көлігінің әлеуметтік мәні бар ауданаралық жолаушылар қатынасын айқындау туралы" 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 12/81-VII шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31598 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Абай облысы бойынша әлеуметтік мәні бар ауданаралық (облысішілік қалааралық) және қала маңындағы жолаушылар қатынасының тізбесін бекіту туралы";

көрсетілген шешімнің 1 тармағын жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Абай облысы бойынша әлеуметтік мәні бар ауданаралық (облысішілік қалааралық) және қала маңындағы жолаушылар қатынасының тізбесі, келесі бағыттар бойынша бекітілсін: "Семей – Жаланаşkөл – Семей", "Семей – Дегелен – Семей", "Семей – Шар – Семей", Семей – Ауыл – Семей", "Ақтоғай – Аягөз – Ақтоғай."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай облысы мәслихатының төрағасы

К. Сулейменов